

А.Қ. Қараман<sup>1\*</sup>, С.Қ. Тәшімбай<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

<sup>2</sup>Халықаралық білім беру корпорациясы (Қазақ Сәулет және құрылыс жетекші академиясы), Алматы, Қазақстан  
e-mail: [Karaman.aruzhan@mail.ru](mailto:Karaman.aruzhan@mail.ru)<sup>1</sup>, [saltanat7575@mail.ru](mailto:saltanat7575@mail.ru)<sup>2</sup>

## Топоним атауларының өзгеріске түсуіне себеп ортақ факторлар (Қазақ, қырғыз, өзбек, түрік тілдері материалында)

Мақалада қазақ, өзбек, қырғыз, түрік топонимдері атауларының өзгеру себептерін анықталған. Түркі онамастика мәселелерін туыстас тілдердің материалы негізінде салыстыра зерттеулер жоқтың қасы. Түркі халықтары онамастикалық атаулардың кісі есімдері, жер-су, халық, ру атаулары туыстас тілдердің материалында арнайы қарастыру қазіргі кезде өзекті мәселесі болуы тиіс. Мақалада түркі тобына енетін халықтардың орналасу территориясындағы топонимдердің қалыптасуы және дамуы, бір-бірімен көршілес жатқан елдердің жер-су атауларының өзгеруіне қатысты факторлар қарастырылған. Жер-су атаулары тарихи түрде пайда болуы мен дамуы тарихи сипатқа ие құбылыс. Олардың қалыптасуы белгілі бір аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму тарихымен тығыз байланысқандықтан атаулардың тамыры ежелгі дәуірден бастау алады. Топонимдер уақыт өткен сайын әртүрлі себептермен ұмыт болуы, өзгертілуі және жаңа атаулармен толықтырылуы мүмкін. Бұл шектес жатқан мемлекеттер шекарасының топожүйелеріндегі атаулардың араб-парсы, иран, моңғол, орыс элементтерінің әсерінен өзгеру себептерін зерттеудің өзектілігін анықтады, өйткені лингвомәдени құндылығы бар кез келген топонимикалық жүйе үшін қалыптасу мен дамуының тарихи-мәдени контекстін зерттеу маңызды. Зерттеу материалының теориялық және практикалық маңызы бар. Жер-су атауларының өзгертілуіне себеп болған факторлар элементтерін зерттеу бұрын өткен этникалық көші-қонды және шекаралас аумақтарда тұратын әртүрлі этностардың өзара әрекеттесу процестерін түсінуге ықпал етеді. Зерттеудің негізгі әдістері ретінде сипаттамалық талдаулар және салыстырмалы тарихи талдау әдістері де қолданылады. Тарихи әдісті қолдана отырып, байырғы атаулардың пайда болуымен бірге жаңа атаумен толықтырылуын, өзгеруін және ерекшелігін байқауға болады. Мақаланың мақсаты — шекаралас республика аймақтардың топоатауларының қалыптасуы, өзгеруі, жаңа атау берілуі, оның қолданысқа түсуі және дамуы: тұтастай алғанда, жиналған материалды жүйелі тарихи-лингвистикалық зерттеу.

*Кілт сөздер:* географиялық терминология, топоним, топонимикалық ландшафт, тарихи-мәдени контекст, топонимикалық жүйе, жалпытүркілік атаулар.

### *Kipicne*

Топонимдер әр елдің ата-бабасының мәдени және тілдік мұрасы бола отырып, құнды тарихи, этнографиялық, діни-мифологиялық, геологиялық, географиялық, археологиялық және басқа да мәліметтерді қамтиды.

Қазіргі уақытта жалпытүркі топонимика мәселелеріне ерекше назар аударылуда. Түркі тілдері онамастикасының ерекшеліктерін зерттеу — қазіргі түркологияның өзекті мәселелерінің бірі. Қазақ, қырғыз, өзбек, түрік халықтарының мәдениетінде, әдет-ғұрыпында, дәстүрінде, тұрмыс-тіршілігінде, құндылықтарында, дүниетанымында және тарихи-мәдени ортасында қалыптасқан топонимдердің көне дәуірден бүгінгі күнге дейін тұрақты атаулар немесе номинациялардың қаншалықты өзгеріске ұшырағанын және оған не себеп болғанын анықтау — зерттеу жұмысының өзектілігін арттырады.

Бұл зерттеу мақалада шекаралас жатқан Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және тілі мен мәдениеті ұқсас Түркия мемлекеті аймақтарының мысалында топонимикалық жүйенің лингвомәдени ерекшеліктері зерттелінеді, олардың тарихи, семантикалық және мәдени маңыздылығы көрсетіледі.

Қоршаған ортаның жекелеген объектілерінің атаулары (топонимия) жүргізіліп жатқан тарихи процестердің ықпалына ұшырайтын жалпы объективті заңдылықтарға ие. Сонымен қатар әрбір тарихи дәуір топонимика белгілерінің ерекше жиынтығымен ерекшеленеді.

Жібек жолының тарихи орталығы бола отырып, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан парсы, араб, моңғол, түркі мен орыс тілдерінің әсерін сіңірді, бұл оның географиялық атауларында көрініс

\* Хат-хабар үшін автор.e-mail: [Karaman.aruzhan@mail.ru](mailto:Karaman.aruzhan@mail.ru)

тапты. Зерттеу барысында қазақ, қырғыз және өзбек топонимдерінің діни, географиялық, экономикалық және этникалық топтарға жіктелетіні байқалды.

Зерттеудің өзектілігі — қазақ лингвистикасында алғаш рет қазақ, өзбек, қырғыз, түркі топонимияларының өзгеруіне себеп болған факторларды кешенді және жүйелі түрде зерттелуінде. Зерттеудің негізгі мақсаты — топонимия мен микротопонимияның құрылымдық-сөзжасамдық және лексикалық-семантикалық ерекшеліктерін қарастыру, шекаралас республика аймақтардың топоатауларының қалыптасуы, өзгеруі, жаңа атау берілуі, оның қолданысқа түсуі және дамуы: тұтастай алғанда, жиналған материалды жүйелі тарихи-лингвистикалық зерттеу.

Жалпытүркілік топонимика мәселелері бұрын да, қазір де бірқатар ғалымның ерекше назарын аудартады. О.Т. Молчанова таулы Алтай өңірінің географиялық атауларына лингвистикалық сипаттама береді. Э.М. Мурзаевтың еңбектерінде топонимика лингвистикалық, тарихи, географиялық әдіс-тәсілді қолданған жағдайда ғана нақты нәтижелер беретін айтылады. Ономастика саласындағы танымал ғалымның бірі А.В. Суперанская өз еңбегінде жалқы есімдердің өзіндік ерекшелігіне және олардың лексиканың басқа санаттарынан, ең алдымен жалпы есімдерден айырмашылығына назар аударады. Оның зерттеу тақырыбы — тарихи өзгергіштік және топонимиканың этникалық ерекшелігі [1].

2019 жылы қазақ-ономаст ғалым Т. Жанұзақ «Қазақ ономастикасының» (1-том. «Қазақ ономастикасының негіздері». 2-том. «Антропонимика». 3 және 4-том. «Топонимика». 5-том. «Топонимдер этимологиясы») 5 томдығын шығарды. Бұл кешенді еңбекте қазақ ономастикасының шығу, даму кезеңдері және жасалу жолдары, антропонимдер, топонимдер мен этнонимдер тарихы да кеңінен зерттелген, ономастикалық материалдарға ғылыми негізде талдау жасалған, олардың қазіргі құрамында көне түркі, араб-иран, моңғол тибет, тұңғыс-маньчжур, славян лексикасына тән қабаттар бары айқындалған [2]. В.А. Жучкевич морфологиялық белгілері (формасы) бойынша топонимдерді қарапайым және күрделі немесе құрама деп бөледі [3; 88].

Ш.С. Камолитдин өз еңбегінде Орталық Азияның көне түркілік қабатындағы этнотопонимдерді, антропотопонимдерді, топонимдерді, гидронимдерді, оронимдерді, сонымен қатар оңтүстік, орталық, солтүстік Түркістан ономастикасын қарастырған [4].

Өзбекстан жер атауларын географиялық зерттеу және оның дамуы өзбек ғалымдарының зерттеулерінде теориялық мәселелерге көп көңіл бөледі. Зерттеуші ғалымдар тарапынан топонимика, географиялық атаулардың шығу тегі, қалыптасуы мен дамуы, семантикалық мағынасының зерттелуі және тағы басқа мәселелер өз шешімін тапқан [5].

Бір топ ғалым зерттеудің практикалық құндылығы ретінде топонимикалық сөздіктерді дайындауды қолға алды. Нәтижесінде Т. Нафасов 1988 жылы «Узбекистан топонимларининг изохди лугати (Узбекистоннинг жанубий районлари)» [6] сөздігін, ал О. Каратаев «Қырғыз этнонимдер создугу» [7] еңбегін жарыққа шығарды.

А. Аяпбекова мен Н. Абишов «Топонимика» атты монографияда топонимдердің пайда болуы мен қалыптасуының заңдылықтарына, Қазақстан топонимикасының эволюциялық дамуы мен кейбір ерекшеліктеріне, Қазақстан географиялық атауларын топтастыру принциптеріне, Қазақстан геожүйелер топонимдеріндегі өзгерістерге тоқталып өтеді [8].

Біздің жұмысымыздағы зерттеудің теориялық базасы осындай көрнекті қазақ, өзбек және қырғыздық ғылыми зерттеу жұмыстарынан тұрады. Осы мақалада зерттеу материалдары ретінде зерттеуді жүргізудің негізгі көздері қазақ, өзбек, қырғыз, түрік тілдеріндегі топонимика саласындағы сөздіктер, энциклопедиялар, анықтамалық материалдар, ғылыми диссертациялар мен мақалалар болды.

#### *Әдістер мен материалдар*

Мақалада қазақ, қырғыз, өзбек, түрік топонимдері олардың таралу аймағы, семантикасы және атаулардың өзгеру мәселелері (иран, араб, парсы, қалмақ, моңғол, тәжік, орыс тілдерінің элементтерінің әсерінен) түркі тілдес мемлекеттердің географиялық атаулары, олар бір-бірімен генетикалық байланысы бар, тілдердің және халықтардың өзара әрекеттесуінен пайда болған жер-су атаулары негізге алынады.

Қазіргі кезде топонимдерді зерттеу тек тіл білімі шеңберінде ғана емес, сонымен қатар тарих, география және этнография ғылымдарымен тығыз байланыста қарастырылады. Осыған байланысты зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс, сипаттау және лингвистикалық талдау әдісі қолданылды.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы — мақалада өзара шектес жатқан, тілі мен тіршілігі ұқсас аймақтар — Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркия мемлекеттерінің топонимиясын кең аумақ ретінде қарастыруға арналған алғашқы зерттеу болғандықтан, аймақтар топонимиясының әртүрлі атаулық өзгеріске ие болуын қамтитын факторлар белгілі бір ғылыми-теориялық маңыздылыққа ие деп ойлаймыз. Топонимикалық материалдың негізінде зерттелетін топоматериалдың тілдік ерекшеліктері бойынша теориялық жалпылау жасалды, тарихи және этнографиялық сипаттағы мәліметтермен кешенді түрде зерттелетін аймақтардағы көне атаулардың пайда болуы, қалыптасуы мен сақталу/сақталмау туралы және осы аймақтарда кең таралған топонимдердің лингвистикалық ерекшеліктері туралы қажетті ақпарат алуға көмектеседі.

#### *Нәтиже мен оларды талдау*

Топонимдер тарихы — бұл халықтың сан ғасырлық қатталып мөрленген тарихы. Бұл әсіресе ономастика саласында, оның ішінде топонимикада айқын көрінеді. Географиялық атаулардың пайда болуы мен шығу тарихы жергілікті халықтың этникалық құрамымен, әртүрлі этникалық топтардың араласу және көші-қон процестерімен тығыз байланысты. Сондықтан топонимдердің пайда болуы және олардың номинациялары осы аумақта ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы өмір сүрген халықтардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани көзқарастарына негізделген.

Топонимнің қалыптасуы — өзінің тілдік тарихы бар ұзақ процесс. Топонимдердің көпшілігі тілдің ежелгі фактілері бола отырып, әртүрлі көне тілдердің қазіргі және тірі куәгерлері ретінде құндылығы басым. Жалпы шекаралас жатқан елдердің топонимдері, атап айтқанда, қазақ, қырғыз, өзбек және түрік ономастикасы арнайы лингвистикалық зерттеудің нысаны болған жоқ. Осының барлығы осы мақала тақырыбы мен мазмұнының өзектілігін анықтайды.

Топонимдер объектіні атау функциясын ғана емес, сонымен бірге белгілі бір халықтың әлеуметтік-мәдени, тарихи және тілдік ерекшеліктерін сипаттайтын тіл лексикасының ерекше қабатын құрайды. Географиялық атаулардың тұрақтылығы, бұл жағдайда қазақ, қырғыз, өзбек, түрік топонимдері түркі әлемінің тілдік көрінісінің жалпы жүйесінде аталмыш тілдердің көп ғасырлық тарихын байқауға мүмкіндік береді.

Тілдің топонимикасының қалыптасуы мен дамуы көбінесе аумақтың географиялық жағдайларын, халықтың тұрмысын және бір-бірімен өзара тығыз байланысатын тілдердің бір-біріне туыстық және туыстық емес дәрежесін анықтайды.

Түркі топонимикалық атауларының семантикалық топтары. Тілдің топонимикасының қалыптасуы мен дамуына жер бедері, өмір сүру жағдайлары, халықтың тұрмыс-тіршілігі, сондай-ақ өзара байланысатын тілдер сияқты факторлар үлкен әсер етеді.

Түркі топонимиясының семантикалық сипаттамасын көптеген топонимис өз еңбектерінде жіктеп көрсетеді. Г.Ф. Саттаровтың татар атаулары алты санатқа және 27 шағын топқа бөлінеді [9; 18-25]. Э.М. Мурзаев өзінің классификациясында 11 топты ажыратады [10]. Ш. Қадырова өзбек топонимдерін 6 топқа жіктейді, ал Ч. Мырза-заде Әзірбайжан топонимдерін 9 топқа бөледі.

Түркі топонимдерін семантикалық тұрғыдан алғанда, біздің ойымызша, осындай негізгі топтарға бөлген жөн: 1) гидротерминдері бар топонимдер, 2) рельефті терминдері бар атаулар, 3) геоботаникалық терминдері бар атаулар, 4) зоологиялық терминдері бар атаулар, 5) анатомиялық терминдері бар атаулар. Екеуінің арасындағы нақты шекараны анықтау қиын, өйткені кейбір терминдерде осы топтардың біреуінің белгілері болмауы мүмкін.

1 – кесте

#### **Су объектілерінің мағынасы бар терминдер**

Қазақ тілінде	Басқа түркі тілдерінде
«Теңіз»	<i>денгиз/теңиз / денгиз, deniz</i>
«Су»	<i>су/суу/сув/суг</i>
«Бұлақ»	<i>buloq</i>

Келесі, екінші семантикалық топты олардың қатысуымен бедерлі терминдер мен топонимдер құрайды: «*тау, тау жотасы*». Бұл термин ең көп қолданушы ороним ретінде танылуы керек, әсіресе таулы жерлерде: *Чатырдаг, Адаг, Капетдаг, Шахдаг, Қаратау, Али-тоо, Алтынтаг, Таулу, Тәңіртаг, Жаңа Тау, Таулу тала, Минги тау, Қош таулары, Таз тау, Шайтан тау; кая/гая/гая/хая* термині «жартас, қия жартас, қия, тік жартасты беткейлері бар тау, тік жартасты жартас, жартасты

тау тізбегі». Зерттеу нысанына алынып отырған тілдерде бұл терминмен көптеген топоним бар: *Шидак минген кая, Хорасан кая, Улак кая, Тешик кая, Қызылқая, Каялы, Хая, Каяла, Ақ-Кая, Қызыл-Кая* т.б.

Үшінші семантикалық топқа мына топонимдер кіреді, олардың құрамдас бөліктері геоботаникалық терминдер. Олар басқа алдыңғы топтар сияқты өте көп. Оларда осы аймақтағы халықтың өмірі үшін маңызды белгілі бір өсімдіктердің болуы туралы ақпарат болуы мүмкін: *Агач/агаш/агас* термині «агаш», «орман»:

	Қазақ тілінде	Өзге түркі тілдерінде
Өзен көл жағасындағы өсімдіктердің бар болуына қатысты туындаған атаулар	Талдыбұлақ, Қарағай бұлақ, Талды көл, Талды өзен	Карағай-Булақ, Таллы кьол, Таллы ёзен, Талды-Булақ, Алмалы кьол, Караганды куль
Өсімдіктің түсіне қарай	Қараағаш, Сарыағаш, Ақтерек	Карагач
Жалпы өсімдік атауына қатысты	Алматы, Қарағанды, Жиделі	Аршалы, Алмалық, Алмалу, Алмалы, Алмачы, Агачаул, Кайынчы, Къайынлы

Түркі географиялық атауларының төртінші семантикалық тобын зоологиялық терминдер және олардан тұратын топонимдер құрайды. Олар өте өзгермелі, өйткені белгілі бір аумақтан жануарлардың осы түрінің жойылу кезеңінен бастап оларды аймақ тұрғындары үшін басқа, өзекті семантикалық сөздер алмастыра алады, бірақ олар объектіге ұзақ уақыт бойы жергілікті атаулар ретінде бекітілуі мүмкін. Бұл номинативті процеске әсер ететін көптеген факторға байланысты.

	Қазақ топонимдері	Басқа түркі тілдері топонимдері
Үй жануарларына байланысты қойылған атаулар		Тюеле
Хайуанаттар әлемімен байланысы туындаған атаулар	Құлан, Бұлан, Борсықты төбе, Арқарлы	Кулантюбе, Куланды, Кулансаз; Кундызды, Улькен-Кундызды, Кши-Кундузды, Бекагаш-Кундызды; Буланду-коль, Борсукъла къая
Жыртқыш аңдар мекендеген жерлерге байланысты	Аюлы, Түлкілі, Қасқыр төбе, Бөрілі	Аю-Тер, Аю-Даг, Айыулу тала, Аюулу кьол; Тилкибурун, Тилкидепе, Тилки-туран, Бёрюле хурусу
Ұсақ жәндіктер, құрт-құмырсқа, бауырмен жорғалаушылар	Жыланды, Бақалы	Жыланлы, Жыланлы дорбун, Кубэлеқ тавы, Кубэлеқ кыры, Кубэлеқ уре, Кубэлеқ юлы
Суды мекендеуші жәндіктер	Балықшы, Лақалы, Шортанды	Балыклы, Балыктыг, Чабаклы кьол, Чабаклы къара суу, Чабаклы

Түркі топонимдерінің бесінші тобы семантикалық тұрғыдан анатомиялық терминдері бар атаулардан тұрады. Адамның (және жануарлардың) анатомиялық терминдері географиялық объектілерді атау үшін метонимия әдісімен оңай тасымалданады, көбінесе гидронимдік және оронимдік атаулар кездеседі. Бұл семантикалық топқа мыналар кіреді: «өзен сағасы, қайнар көзі, арықтың басы», «шатқал» географиялық термині ретінде «ауыз» түркі тілдерінде фонетикалық ерекшеліктерімен /ағыз/ағыс/авыз/авус/ауз/ термині қолданылады.

соматика	Қазақ топонимдері	Түркі топонимдері
бас	Түлкібас	Баш кьол, Стын башы, Жайлыкъ башы, Къарбаш, Ачкерил кьол башы
мойын		Тюямуюн, Боюндаг, Муюнқум, Буин
ауыз		Тырны-Ауз, Бакъсан аузу, Къамиш аузу, Къышы аузу
мұрын	Құсмұрын	Мурунтау, Айбурун, Мурун, Терские Буруны
аяқ		Чыгъыш-Аягъы, Чынар-Аягъы, Хасаука-Аягъы

Түркі тілдерінде кездесетін жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктерін, өзгеру себептерін, қолданылу аясын анықтау, туыстас тілдер фактілерімен, тілдік деректерімен салыстыру, этнографиялық сипатын саралау — түркі тілдері арасындағы тарихи сабақтастықты айқындауда, тілдердің топонимикасын зерделеуде қашан да маңызды болып саналады.

Белгілі бір аймақтағы топонимдер (жер-су аттары) белгілі бір халықтың немесе сол елді-мекендерде қоныстанған бірнеше халықтың тілдік негізінде жасалатыны белгілі.

Қазіргі қазақ, өзбек, қырғыз лингвистикаларында осы республикалардың белгілі бір аймақтарының топонимиясын және тарихи-әдеби шығармалардың ономастикасын зерттеуге арналған еңбектер көптеп кездеседі. Әрбір мемлекеттің және онда орналасқан елдімекен мен қалаларының ежелгі тарихы бар. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан топонимикасында осы аумақтардың тарихи өткені, әлеуметтік-экономикалық қатынастар, оны мекендеген халықтар мен этникалық топтардың мәдени және рухани көзқарастары көрініс тапты.

Топонимдер — көптеген ғасыр бойы этникалық топпен бірге дамып келе жатқан тілдік бірліктер. Кез келген аймақтың топонимдерін зерттеу жергілікті халықтың дүниетанымының, тұрмысы мен мәдениетінің ерекшеліктеріне назар түсіретіні белгілі.

Қазақстан топонимиясының тарихында көшпелілердің өмірінде, әсіресе көшіп-қону кезінде, жайлау, қыстау сияқты тұрақ орындарын таңдауда оларға атау беруде ұлттық топонимдер үлкен рөл атқарды. Қазақ ғалымдары тарапынан географиялық атауларда көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықпен байланысты топонимдер ерекше орын алғаны анықталған. Қазақ ономастикасының жалпы мәселелерін зерттеудің негізін қалаушы ғалымдар Ә. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақ, О. Сұлтанбаев, Е. Керімбаев, К. Рысберген т.б..

Өзбек ономастикасын зерттеген өзбек тіл білімі ғалымдары Х. Хасанов, С. Караев, К. Хакимов, Ю. Ахмадалиев, А. Закировтың және тағы басқа зерттеушілердің еңбектерінде 1918 жылға дейін қазіргі Өзбекстан аумағында халықтар, тайпалар мен рулар, әлеуметтік, аумақтық және кәсіби топтар бір-бірінен бөлек, көшпенділер мен жартылай көшпелі тайпалар тайпалық қағидат бойынша, отырықшы аумақтық топтар әлеуметтік қағидат бойынша өмір сүргенін, Өзбекстанның топонимикасын ұзақ тарихи кезеңде көп тілді халықтар қалыптастырғанын, әрбір тарихи кезеңнің басқалардан грамматикалық құрылымымен, ақпаратымен ерекшеленетін өзіндік топонимиясы бар екенін атап өтеді. Өзбекстан топонимикасында атаулардың көп бөлігі аумақтың физикалық-географиялық жағдайына байланысты туындаған. Өйткені Өзбекстанның табиғаты әртүрлі және олар географиялық атауларда көрінеді [11]. Сонымен қатар топонимистер кейбір географиялық атаулар объектінің географиялық орнын көрсететінін, кейбір атаулар аумақтың ландшафттық ерекшелігі туралы ақпарат беретінін және де басқа өзекті мәселелерді еңбектерінде қарастырды. Өзбек тілінде араб тілінен енген кейбір төл сөздер бар, олардың семантикалық шекарасы парсы тілінде бір мағынаға ие болса, өзбек тілінде мүлде басқа мағына береді. Қызығы, бұл сөз-термин екі тілде де қолданылғанымен, екеуінде де белсенді қолданыстағы лексика қабатына жатады [12].

Қырғыздардың шаруашылығын жүргізудің негізгі түрі көшпелі мал шаруашылығы болды, бұл өзіндік табиғи-экономикалық рельефтің таулы-далалық сипатына байланысты жағдайлар. Әсіресе жергілікті қырғыздардың көшпелі және жартылай көшпелі өмір салты жер бедерінің әртүрлі формаларын белгілеумен байланысты бай географиялық терминологияның пайда болуына ықпал етті. Қырғыз географиялық атауларында әлі күнге дейін көптеген жұмбақ, сыры ашылмаған, толық зерттелмеген дүниелер бар. Сондықтан қырғыз топонимдерін зерттеу топонимика үшін де, аймақ географиясы үшін де үлкен қызығушылық тудыратыны сөзсіз екенін қырғыз лингвистикасындағы ономастика мәселелерін және қырғыз топонимдерін зерттеуші лингвист ғалымдар Ш. Жаппаров, С. Умурзаков, О. Каратаев, Д. Исаев т.б. атап көрсетеді.

Қырғыз, қазақ, өзбек ғалымдары өздерінің тарихи отандарының географиялық атауларын, сондай-ақ өз елдерінің, туған жерлерінің аумақтық орналасуының кейбір ерекшеліктерін зерттеуден тыс қалдырған жоқ. Олар аймақтың топонимикалық лексикасының ерекшеліктерін қалыптастыруға, топонимдердің негізгі лексикалық және семантикалық, этимологиялық, лингвистикалық заңдылықтарын анықтауға атсалысты.

Түркияда топономикалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, барлық жер-су аттарына қатысты зерттеулерді жинап-терген Тунжер Гүленсой, Мұстафа Шенел, Левент Кургун, Өзджан Башкан, Хасан Ерен, Мехмет Ерөз сияқты түрік ғалымдары топонимдердің тарихи негізін және олардың жасалу жолдарын, топонимдерді топтастыру, жер-су аттарының қолданылуындағы тұтастықты сақтау, тағы басқа көптеген мәселені кеңінен қарастырған.

Авторлар «Түрік тіліндегі жер-су аттарының зерттелуі» атты мақаларында түрік тілінің жер-су аттарын зерттеу жұмыстары Фуад Көпрүлүннің 1925 жылдан бастау алғанын және кейінгі топонимдерге қатысты зерттеу еңбектерін хронологиялық тәртіппен тізіп көрсетеді: Хасан Ерен «Үег

Adlarımızın Dili (Жер-су аттарының тілі)» (2018), «Türk Yer Adları: Sökün (Түркия жер-су аттары: Сөкүн)» (1965), «Türk Yer Adları: Keçiborlu (Түркия жер-су аттары: Кечиборлу)» (1972) т.б. [13; 229].

Түрік ғалымы Түнжер Гүленсойдың сөздігінде «тере» — бір заттың ең үстіңгі бөлігі. Ең көне түркі тілінде *töbü* — *törü* — *törö* нұсқалары; Көне ұйғырда «*törü* — *töri*» нұсқасы; Орта Түркі тілінде «тере» — адам басының үстіңгі бөлігі; Көне Қыпшақ тілінде «*tere* — *töre*»; Шағатайда «*tebe*» нұсқасы беріледі. Мағыналық жағынан алғанда «төбе» сөзі барлық түркі тілдерінде бір заттың үстіңгі бөлігі деген мағына береді [14; 880].

Басқа да зерттеушілер тарапынан топонимия саласы кең ауқымда топонимика мәселелеріне ерекше назар аударылған. Сондықтан бұл салада географтар, картографтар, тарихшылар, этнологтар, археологтар мен лингвистер зерттеу жүргізген. Жоғарыдағы ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасай отырып, төмендегі зерттеу нәтижелерін атап өткіміз келеді.

Қазақстан және оған шекаралас жатқан түркі тілдес республикалар аумағына кіретін және онымен байланысты шектес облыстарда көптеген ғасыр бойы тарихи жағдайлар өзгерді, күрделі элеуметтік процестер болды, әртүрлі тілдік мәдениетке ие әртектес халықтар мен тайпалардың қозғалысы мен араласуы топонимдердің атауларының бірнеше рет өзгеруіне әкеп соқты. Әлеуметтік оқиғалар мен тілдердің қиылысуының осы ұзақ процесінде әрбір өлкелердің топонимикасында бірнеше тілдік қабат қалыптасты. Қ.М. Мұсаев барлық түркі топонимикалық ареалдарындағы ең өнімді аффикс ретінде –лық жұрнағын көрсетеді [15; 188-189], бұл қазақ, қырғыз, өзбек тілдерінде жиі қолданылатын сөз тудырушы өнімді жұрнақ ретінде саналады.

Белгілі бір аймақтың топонимикасының құрылымын өзгерту табиғи түрде де және басқа факторлар нәтижесінде болғаны сөзсіз. Кез келген республикалардағы болған тарихи оқиғаларға байланысты жаңа аумаққа еніп, оны игерген кез келген халық жергілікті, отырықшы, жартылай отырықшы, көшпелі халықтардың топонимикасының құрылымын түбегейлі немесе ішінара өзгертті. Тарихтан белгілі болғандай, әр аймақтарда, сонымен қатар бұл территорияларда ежелден бері әртүрлі тайпалар өмір сүрді және белгілі бір себептермен тарихи көші-қон үрдісі жүрді, осыған байланысты әрбір аймақтардың топонимикасында және оның тілдік қабатында атаулық өзгерістер көрініс тапты. Бұл өзгерістер келесі бағыттарда болуы мүмкін. Біз оларға төменде тоқталып өтеміз.

Қазақ, өзбек, қырғыз жерлері сан ғасыр бойы түрлі саяси оқиғалардың куәсі болып, елдер тарихында мыңжылдықтар бойы тарихи оқиғалар, түркі тілдері мен халықтары, ал олармен бірге географиялық атаулар да өзгеріске түсіп отырды.

Мемлекеттер аумағы ең алдымен физикалық-географиялық жағынан ерекше — мұнда әртүрлі биіктіктегі таулар, тау бөктері мен дала, сонымен қатар ол әртүрлі табиғи ландшафттармен, жер бедері мен климаттың ерекше, экзотикалық элементтерімен сипатталады. Бұл бірегейлік негізінен әр елдің топонимикасында көрінеді. Жер атауларының өмір сүру ұзақтығы жер-су атауларының түріне байланысты. Әдетте, жердің табиғи жағдайларына байланысты ең тұрақтысы географиялық атаулар. Ғалымдар атаулардың ұзақ өмір сүруіне көптен бері назар аударып келеді, олардың көпшілігі бір атаумен мыңдаған жыл бойы өмір сүреді, бірқатары бірнеше рет жаңа атауға ие болады.

Географиялық атауларды ғалымдар стратиграфия бойынша әртүрлі аймақтардың ғылыми жұмыстарын зерттеді. Стратиграфия тұрғысынан қазақ топонимдерін бірінші болып А. Әбдірахманов қарастырды, ол топонимдерді ана тілінің негізімен және басқа тілдердің негіздерімен жасалған деп бөлді [16]. Ал К. Конкабаев қырғыз топонимикалық стратиграфиясын жасаған. Ғалым Оңтүстік Қырғыз топонимиясында ирандық қабаттың географиялық атауларда көптеп қолданылатын айта келіп, оны соғды-ягноб және тәжік деп бөледі. Топономист қырғыз топонимиясындағы тілдік қабаттарды жетік зерттеген [17].

Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның топонимикаларының шығу тегі бойынша ортақ, ұқсас және айырмашылықтары бар. Кейбір атаулардың өзгеруіне себеп болған фактілерді толығырақ қарастырайық. Топотермин, сондай-ақ географиялық терминдердің көмегімен топонимдердің жіктелуі мен қалыптасуын ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып көрсетуге тырыстық. Жалпы, мақалада көрсетілген мемлекеттер территорияларындағы елдімекендер мен жер-су атауларының өзгеруі мен жаңа атау алуларына әсер еткен ортақ факторлар мыналар:

1. Ежелгі түркі қабаты. Түркі қабаты бүкіл аймақта ең қуатты және кең таралған. Бұл қабатқа жалпытүркі және қазақ, өзбек, қырғыз, түрік сөздерінен құралған топонимдер кіреді. Ономастикада, оның басты бөлігі саналатын топонимикада республикалардың төл тілдер қабатына жататын топонимдер шешуші және маңызды рөл атқарады. Түркі лингвистикасында көптеген ойконим, гидроним мен ороним, этноним байырғы формаларда сақталған.

Ж. Адилова мен А. Қасымова «Қазақ және көне түркі топонимдік жүйесінің ортақ белгілері» атты мақаласында қазақ және көне түркі тіліндегі топонимдердің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін Шығыс Қазақстан аймағы бойынша материалдар, көне түркі жазба ескерткіштері, ортағасырлық әдеби жәдігерлер, сондай-ақ қазіргі түркі тілдерінде орын алатын топонимдік атаулар негізінде анықтауға тырысқан [18].

2. Кірме немесе араб-парсы тілдерінен алынған топонимдер. Кез келген тілдің лексикасын төл сөздермен қатар басқа тілден енген кірме сөздер құрайды. Топонимдердің араб-парсылық қабаты (Желалабад, Зиярат және т.б.) Халифат кезеңімен байланысты болды.

Әр аумақтың топонимикасы тарихи түрде қалыптасады. Бұл географиялық атауларды қалыптастыруда көп тілді халыққа маңызды рөл атқаратындығымен дәлелденді. Мысалы, Өзбекстан өңірінің топонимиясын қалыптастыруда иран тілді халықтың рөлі зор, алайда, сонымен қатар ұзақ тарих бойында ирандық емес тілдер мен этностардың (әсіресе түркі тайпалары мен ұлыстарының) әсері өңірдің топонимиясында сезіледі.

Қазақ тіл білімінде топонимист Е. Керімбаев жазба ескерткіштерде көрсетілген тарихи оронимдерді мынадай тарихи кезеңге бөлген: XI-XV ғасырлар аралығын қамтыған алғашқы кезеңді араб және парсы жазбаларында тіркелген атаулар; XV-XVII ғасырлардағы — парсы және түркі шығармаларындағы атаулар; XVIII ғ. мен XIX ғасырдың басындағы орыс географиялық әдебиетіндегі тарихи атаулар.

3. Моңғол тілінен алынған топонимдер. Посткеңестік кеңістіктің жалпы топонимикалық көрінісі аясында географиялық терминологияның ауқымынан моңғол элементтері айқын байқалады. Моңғолдардың шапқыншылығы және олардың Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстанның ежелгі аумағына басып кіруі нәтижесінде этнонимдер мен этнотопонимдердің дамуындағы жаңа дәуір басталғанынан хабар береді. Қарастырылған материал моңғолизмдер көбінесе Қырғызстанның солтүстік аймақтарында географиялық атауларда кездеседі, өйткені олар оңтүстік-батысқа қарай жылжиды. Зерттелетін аймақтық топонимикада белгілі бір тілдің топонимикалық жүйесінің тарихи-хронологиялық периодизациясы қарастырылады, ол белгілі бір аймақтың ландшафтымен, терминдерімен және онимдерімен тығыз байланысты. Бүкіл еуразиялық ономастикалық кеңістік ұқсас түркі-моңғол географиялық атауларының көптігімен сипатталады. Б. Бияров моңғол тілінен кірген атауларды құрамында жиі кездесетін географиялық терминдер бойынша топтастырған: *Аршан* (моңғолша) — «минералды, ыстық жер асты суы», *Арасан* (қазақша) — «емдік қасиеті бар ыстық жер асты суы» [19; 49].

Қырғыз тілі лексикасындағы моңғолизмдерге И.А. Батманов, К.К. Юдахин, Б.М. Юнусалиев, Б.О. Орузбаева сияқты танымал тілтанушылар назар аударды. Қырғызстанда моңғолдық атаулар (Ұлан, Дабан және т.б.) қолданысқа түсті. Зерттеуде қарастырылған материалдар бойынша моңғолизмдер көбінесе Қырғызстанның солтүстік және оңтүстік аймақтарындағы географиялық атауларда кездеседі. Мысалы, Чоң-Боор, Чулу-Гаш, Доңуз-Даван, Қош-Дөбө, Түрк-Шалбаа, Бордун, Жону т.б. [17; 69]. Көптеген автор моңғол тектес географиялық объектілердің сақталған атаулары, ең алдымен, қалмақтардың көрші түркі тайпаларымен тығыз байланысын көрсетеді деген қорытындыға келеді.

Бүкіл еуразиялық ономастикалық кеңістік ұқсас түркі-моңғол географиялық атауларының көптігімен сипатталады. Біздің ойымызша, бұл тарихи компонентті ғана емес, сонымен қатар жергілікті тілдік бірліктер негізінде жер атаулары моңғолдар мен түріктер сияқты халықтардың тығыз қарым-қатынасының дәлелі, бұл топонимикалық терминологияның бірлігінде де көрініс табады.

4. Кеңес дәуірі немесе орыс тілінен алынған топонимдер. Кеңес дәуірі үстемдік еткен кезеңде көптеген көне атаулар әртүрлі кезеңдерде жойылды. Ұлт тарихы, адамдардың өмір салты негізінде пайда болған этнонимдер мен топонимдерге қатысты ұғымдар бұрынғы ескі жүйенің қалдықтары ретінде саналды. Нәтижесінде коммунистік идеологияны білдіретін жаңа сөздер пайда болды. Атап айтқанда, олар әр республикаларда «мемориалдық топонимдерге» жататын ленинизм, Маркс, Калинин және Одақ, Қызыл Жұлдыз, Тельман, Ленинград, Первомайское, Октябрьское, Прогресс, Интернационал, Советское сияқты жасанды атаулар қолданыла бастады.

Славян қабаты (қазіргі уақытта аталмыш республикаларда бұл атаулар жойылуға жақын, яғни байырғы атауларды қалпына келтіру және жаңа атаулардың қолданылуы оларды топонимикалық атаулар тізімінен ығыстырып жатыр) бірнеше кезеңде қалыптасты. Славян тектес (негізінен орыс) топонимдер Қазан төңкерісіне дейін пайда болды, олардың көпшілігі кеңестік кезеңде, КСРО

құрамында одақтас республикалар құрылғаннан кейін жаппай жер-су аттарын ауыстыру үрдісі жүргізілді. Зерттеушілер тарапынан Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдімекендерінде славян топонимдерінің көптеп кездесуі Ресей империясының саясатымен, басқа да әртүрлі себептермен, сонымен қатар қоныс аудару процесімен байланысты болды деген қорытынды жасалған.

5. Тәуелсіздік кезеңі және жаңа қабат. Бұрынғы кеңестік республикалар құрамындағы Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан жеке өз алдына егемендік алғаннан кейін орыс топонимикасының өзгеруіне атсалысып, байырғы атауларды қалпына келтірді және қазіргі кезде халықтың құндылығы мен дүниетанымына негізделген жаңа атаулар орын алып жатыр. Әр елдегі мемлекеттік тіл жөніндегі Ұлттық комиссия (әрине, қырғыз тілі, қазақ тілі және өзбек тілі) жекелеген елдімекендердің атын толықтай өзгертумен қатар, жер-су атауларындағы «-овка» және «-евкаға» аяқталатын, «ново» сөзінен басталатын географиялық нысандарға қайта жаңа атау ұсынды. Қазіргі кезде аталмыш мемлекеттерде қоғам үздіксіз дамып келе жатыр, халықаралық деңгейдегі елдердің әртүрлі қатынастары да дами бастады.

Қазақстандағы жаңарған атауларға байланысты зерттеу жүргізген авторлар қазақ жеріндегі Жетісу өңіріндегі елдімекендер атауларының Коноваловка — Көкбастау, Николаевка — Жетіген, Малиновка — Теректі, Калиновка — Көктөбе, Голубиновка — Жайнақ батыр, Развельный — Жаңалық болып өзгеруіне түсінік береді. Бұл топонимдер анықтамалығында басқа да жаңарған Жетісу атауларының тізімі көрсетілген [20].

Байырғы атауды қайтадан қалпына келтіру мен жаңа атау беру процесі Орта Азия мен Қазақстанды да қамтыды. Жаңа қатынастардың пайда болуы, өндірістің дамуы, халықтардың саяси көзқарастарының өзгеруі, мұның бәрі елдімекендер мен географиялық орындардың атауларында жаңа атау қалыптастырды. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдімекендердің байырғы атаулары түгелдей дерлік жергілікті жердің географиялық ерекшелігіне немесе кісі есіміне байланысты қалыптасқан. Яғни, қазақ, қырғыз, өзбек тілдерінің негізінде жасалған ұлттық топонимдер қатары молығып келеді.

Біз қарастырып отырған елдердің географиялық атаулары түрлі тілдік қабаттарды (иран, қытай, парсы, араб, моңғол, тәжік, қалмақ, орыс) құрайды. Әрине бұдан әр кезеңдердегі жаугершілік, басқыншылық заманның, саяси-әлеуметтік жағдайлардың айқын көрінісі екенін көруге болады. Әрбір халықтың ұлттық ерекшеліктерін көрсететін тарихи топонимдерді сақтау өте маңызды. Әлеуметтік-этникалық жағдайлар осындай аралас орналастырудың негізі болды және көптеген этнонимдердің пайда болуына әкелді. Бұл жағдай әсіресе XIX-XX ғасырдың басында байқалды.

Академик М. Мырзахметұлы «Қазақ топонимдері мен антропонимдері (өткені, бүгінгі және ертеңі)» атты мақаласында қазақ топонимдері мен антропонимдерінің өзгеру себептеріне VII-VIII ғасыр ішіндегі араб басқыншылығы, XIII ғасыр басындағы Шыңғысхан жорықтары, XV-XVIII ғасырдағы қалмақтардың шабуылы, Ресей империясының отаршылдық саясатын жатқызады, «халықтық топонимдерді» саралап көрсетеді, «отаршылдық топонимдердің» пайда болуы мен қойылуына түсінік береді, жаңа атау беруде топонимикалық сауатсыздыққа жол бермеуімізді атап өтеді [21].

Аймақтың топонимикасы ландшафт, этномәдени, геосаяси сияқты маңызды факторлармен алдын ала анықталған. Қазіргі процестерді түсіну үшін геомәдени кеңістіктің өзгеруіне және топонимияға осы процестің ең айқын белгісі ретінде әсер еткен кейбір тарихи-географиялық ерекшеліктерді анықтау маңызды [22].

Қазіргі уақытта әр аймақ елдерінде ұлттық тарихты, ұлттық саясатты және ұлттық мәдениетті қамтитын мемлекеттік идеологияларды құру және дамыту үрдісі байқалады. Бұл көбінесе топонимика атауларының өзгеруінің себебін түсіндіреді. Сонымен қатар пайда болған әрбір ұлт байырғы географиялық атауларды өзінің ата-баба тілінде игеріп, қаншама ғасыр өтсе де сақтай отырып, сонымен бірге өлкенің топонимиясына өз тілінде жаңа атаулар енгізді, бұрынғы топонимияның құрылымын өзгертті. Кейде бұл өзгерістердің күшті болғаны соншалық, кейбір ежелгі жер атауларының пішіні мен мағынасы біз танымастай бұрмаланған түрде жетті.

Ұзақ тарихи процестің нәтижесінде қарастырылып отырған аумақтарда әртүрлі тілдік шығу тегі: түркі, моңғол, қазақ, тәжік, өзбек, қырғыз және орыс географиялық атауларының қабаттасуы түрінде күрделі топонимия пайда болғанын байқауға болады.

Зерттеу нысанына алынып отырған мемлекеттердің топонимдерінің басым бөлігі жалпытүркі, негізінен өзбек, қазақ, қырғыз топонимдері, ал аталмыш елдердің территорияларында мысалы, қазақ жерінде қырғыз және өзбек, қалмақ топонимдері, ал Өзбекстанда қазақ, тәжік және қырғыз жер-су

атаулары араласып кездесіп отырады. Ал Қырғызстанда қазақ, өзбек географиялық атаулары қолданылады.

Зерттелетін аймақтық топонимикада белгілі бір тілдің топонимикалық жүйесінің тарихи-хронологиялық кезеңі қарастырылады, ол белгілі бір аймақтың ландшафтымен, терминдерімен және онимдерімен тығыз байланысты болады.

Аймақтың топоматериалын зерттей отырып, олар аймақтың бұрыннан жоғалып кеткен тілі, оның ерекшеліктері, сондай-ақ осы аумақта бұрын өмір сүрген этникалық топтар туралы белгілі бір түсінік алуға мүмкіндік береді. Топонимдердің номинациясының өзгеру құбылысын анықтаудың ерекшеліктерін зерттеу аймақтық лингвистиканы дамытудың қажетті кезеңі. Топонимдерді зерттеуші ғалымдар этномәдени кеңістіктегі атаулардың ерекше құрылымын анықтады. Сондай-ақ ономастикалық атаулардың өзгеруі экстралингвистикалық факторлар мен объектінің физикалық ерекшеліктеріне байланысты екенін атап көрсетті.

Осы бір-бірімен бауырлас өзбек және қырғыз, қазақ халықтары ежелден ұлттық әдет-ғұрыптары мен тарихи ономастикалық атауларды қалыпқа келтіру, жүйелендіру арқылы топонимдердің өзгеру динамикасын көрсету әрі біріздендіру бағытын зерттеген ғалымдардың еңбектері көп. Топонимика, ономастика мәселелерімен айналысып жүрген лингвист ғалымдар кеңес үкіметі, тәуелсіздік кезеңінен бастап неше атау өзгерді, атаулар қалай өзгерді, өзгеру уәжі неде деген мәселерге ғылыми зерттеулерінде жауап берген.

Осы зерттеуде тілі мен тарихы ұқсас Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркия мемлекеттерінің ландшафт ерекшеліктеріне байланысты топонимиясының қалыптасуындағы рөлі, қоныстанған халықтардың ежелгі тарихы, олардың дәстүрлі шаруашылықтары және мәдениетімен ұштасқан ұлттық топонимдер, аймақтар топонимиясының өзгеріске ұшырауының тарихи-саяси аспектілері, кеңестік дәуірдегі және қоныс аудару саясаты нәтижесінде пайда болған жер-су, елді-мекен атауларын қалпына келтіру мен жаңа атау берудегі ортақ, ұқсас мәселелері қарастырылды.

#### *Қорытынды*

Түркі тілдерінің ономастикасының ерекшеліктерін зерттеу — қазіргі түркітанудың өзекті мәселелерінің бірі. Біздің өміріміздегі көптеген оқиғаны географиялық атаулар арқылы қабылдаймыз. Жалпы алғанда, топонимика — география, лингвистика және тарих қиылысында пайда болған интегралды ғылым екені белгілі. Қазақ топонимиясында, сондай-ақ басқа халықтардың топонимиясында терминологиялық лексика жердің жоғары және төмен жатқан формаларын атауда кеңінен қолданылады [23].

Нысанды жекелеп тұрған атаудың қаншалықты ақиқаттығы екіншілік атау мәнінде анықталса, нысан мен атаудың тығыз байланысы әлеуметтік мәнде айқындалады, ал атаудың жекелік тұлғалығы оны қазіргі тіл иелерінің қабылдауынан, яғни психологиялық мәнде анықталады [24].

Мақалада лексиканың өзгеріске төзімді қабаты ретінде қазақ, өзбек және қырғыз тілдерінің топонимдері атауларының өзгеру себептері зерттелді. Жалпы, топонимдерді екі негізгі қабатта зерттеуге болады, өйткені олар белгілі бір тілдерге жататын сөздерден тұрады: түркі қабатына жататын топонимдер және кірме сөздерден пайда болған топонимдер.

Қарастырылған материалдар түркі топонимдерінің шығу тегі бойынша өзбек, қазақ және қырғыз жер-су атауларының барлық жерде ұқсас бірдей екендігін және кейбір тұстарда әр текті болғандығын көрсетеді. Мемлекеттердің аймақтарындағы болған күрделі тарихи процестер әрбір республикалардың ономастика жүйесінде өзіндік із қалдырды. Топонимияда атаулардың ең көне түрлері мен заманауи қабаттары көрініс тапты. Атап айтқанда, шекаралас елдердің орналасу аумағында ең көне, ежелгі соғды, иран-тәжік қабаттары, сондай-ақ түркі атауларының қабаты, аймақтың топонимикасында моңғол, араб, қазақ, түрікмен тектес ойконимдер, гидронимдер, оронимдер, этнотопонимдер, антропотопонимдер, топонимдер, спелеонимдер, некронимдер, комонимдер, дримонимдер де ерекшеленеді.

Топонимикалық атаулардың өзгеріске ұшырауының басты себептері, яғни Орталық Азия аймағы өзінің бүкіл тарихында бірнеше рет басқалардың жаулап алуымен тығыз байланысты, өз кезегінде жаулаушы ел басып алынған жерлердегі, жер-судың әрқайсысына өз атауларын беріп отырды. «...Қалай болғанда да, біздің ойымызша, топонимдердің жергілікті түркітілді нұсқасы алдымен пайда болған болуы керек. Өйткені Араб халифатының жаулап алу саясаты барысында ең алдымен жергілікті жер-су атауларын өзгерту ұстанымы болған. Нәтижесінде түркітілді жергілікті топонимдік элементтер өзгеріске ұшыраған деп айтуға болады» [25].

Бірнеше топонимикалық қабат немесе тілдің лексикалық қабаты тарихи-географиялық кезеңдерімен және әртүрлі тілдерде сөйлейтін көшпелі және отырықшы халықтардың көші-қонына, тарихи оқиғаларға байланысты өзгеріске түсіп отырды. Қазақ, өзбек, қырғыз жерлеріндегі ауқымды көші-қон мен қалмақ, моңғол, жоңғар тарапынан жаулап алу аумақтың этномәдени ерекшелігіне зор әсер етті.

Қазақ топоникасын түркілік бірегейлік контекстінде зерттеу көшпенділер өркениетінің қайталанбас тарихи моделін жаңғыртуға, сондай-ақ ортақ түркілік интеграцияны нығайтуға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Суперанская А.В. Что такое топонимика? Из истории географических названий / А.В. Суперанская. — М.: Либроком, 2011. — 175 с.
- 2 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы / Т. Жанұзақ. — Алматы: Азия, 2004. — 126 б.
- 3 Жучкевич В.А. Общая топонимика / В.А. Жучкевич. — Минск: Вышэйшая школа, 1980. — 287 с.
- 4 Камолиддин Ш.С. Древнетюркская топонимия Средней Азии / Ш.С. Камолиддин. — Ташкент: Шарк, 2006. — 192 с.
- 5 Караев С.К. Топонимия Узбекистана (социолингвистический аспект) / С.К. Караев. — Ташкент: Фан, 1991. — 129 с.
- 6 Нафасов Т. Узбекистан топонимларининг изоҳли луғати / Т. Нафасов. — Ташкент, 1988. — 288 с.
- 7 Каратаев О. Кыргыз этнонимдер сөздүгү / О. Каратаев. — Бишкек: Манас университети, 2003. — 265 б.
- 8 Аяпбекова А.Е. Топонимика: монография / А.Е. Аяпбекова, Н.У. Абишов. — Анкара, 2021. — 136 б.
- 9 Саттаров Г.Ф. Татарская топонимика / Г.Ф. Саттаров. — Казань: Изд-во Казан. ун-та, 1998. — 152 с.
- 10 Мурзаев Э.М. Тюркские географические названия / Э.М. Мурзаев. — М.: Вост. лит., 1996. — 252 с.
- 11 Миракмалов М.Т. Отражение физико-географических условий территории в топонимии Узбекистана / М.Т. Миракмалов, Д.Н. Абдуллаева, Б.Т. Эшбаев // Науки о Земле: вчера, сегодня, завтра: материалы IV Междунар. науч. конф. — Казань: Молодой ученый, 2018. — С. 28–32.
- 12 Мирзахмедова Х. Использование общепотребительных арабских слов в персидском и узбекском языках [Электронный ресурс] / Х. Мирзахмедова // Востоковедение. — 2021. — № 2. — С. 49–64. — Режим доступа: <https://inlibrary.uz/index.php/oriental-studies/article/view/15921>.
- 13 Hasan E. Yer adlarımızın dili / E. Hasan. — Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2010.
- 14 Gülensoy T. Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözcüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü. Etimolojik Sözlük / T. Gülensoy. — Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. — 1204 с.
- 15 Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков / К.М. Мусаев. — М.: Наука, 1984. — 226 с.
- 16 Әбдрахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы / А. Әбдрахманов. — Алматы: Ғылым, 1979. — 127 б.
- 17 Конкобаев К.К. Топонимия Южной Киргизии / К.К. Конкобаев. — Фрунзе: Илим, 1980. — 172 с.
- 18 Адилова Ж. Қазақ және көне түркі топонимдік жүйесінің ортақ белгілері / Ж. Адилова, А. Қасымова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2022. — № 1(138). — 87–95-б.
- 19 Бияров Б.Н. Өр Алтайдың жер-су аттары / Б.Н. Бияров. — Алматы, 2002. — 180 б.
- 20 Кендірбекұлы А. Жаңарған Жетісу атаулары: топонимдер анықтамалығы / А. Кендірбекұлы, Ж. Әбдірахманова, Р. Нүсіпбекова. — Алматы: Арыс, 2005. — 112 б.
- 21 Мырзахметұлы М. Қазақ топонимдері мен антропонимдері (өткені, бүгінгі және ертеңі) / М. Мырзахметұлы // Түркология. — 2002. — № 1. — 119–126-б.
- 22 Назарова А.Ж. Түрік тіліндегі жер-су аттарының зерттелуі / А.Ж. Назарова, Г.Қ. Теменова, Г.З. Бегимова // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. — 2018. — № 2 (85). — 228–234-б.
- 23 Көшімова Б. Маңғыстау топонимиясында географиялық терминдердің қолданысы / Б. Көшімова // Ономастикалық хабаршы. — 2022. — № 1 (42). — 15–24-б.
- 24 Иманбердиева С.К. Зоотопонимы как социально-психологический код / С.К. Иманбердиева // Tiltanym. — 2024. — № 2. — С. 42–51. DOI: 10.55491/2411-6076-2024-2-42-51.
- 25 Рысберген Қ.Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері: филол. ғыл. д-ры ... дис. Мамандығы 10.02.02 - қазақ тілі / Қ.Қ. Рысберген. — Алматы, 2010. — 48 б.

А.Қ. Қараман, С.К. Тәшімбай

### **Общие факторы, способствующие изменению названий топонимов (на материале казахского, кыргызского, узбекского, турецкого языков)**

В статье рассматриваются причины изменения топонимических названий в казахском, узбекском, кыргызском и турецком языках. Вопросы тюркской ономастики практически не исследованы в сравнительном аспекте на материале родственных языков. Специальное рассмотрение ономастических наименований тюркских народов — антропонимов, гидронимов, этнонимов и хорононимов — на базе родственных языков должно стать актуальным направлением современных научных исследований. В данной работе анализируются формирование и развитие топонимов на территориях проживания тюркских народов, а также факторы, повлиявшие на изменение географических названий в сопредельных странах. Топонимы имеют историческое происхождение и развивались на протяжении длительного времени, тесно связаны с социально-экономической историей региона. Поэтому многие названия уходят корнями в глубокую древность. Со временем топонимы могут забываться, изменяться или заменяться новыми по различным причинам. Исследование поднимает вопрос влияния арабско-персидских, иранских, монгольских и русских элементов на топонимическую систему приграничных территорий. Это подчёркивает актуальность изучения причин изменения географических названий, поскольку для любой топонимической системы, обладающей лингвокультурной ценностью, важно учитывать историко-культурный контекст её формирования и развития. Материал исследования имеет как теоретическое, так и практическое значение. Изучение факторов, повлиявших на изменение географических названий, способствует более глубокому пониманию процессов этнической миграции в прошлом, а также взаимодействия различных этнических групп, проживающих в пограничных регионах. В качестве основных методов исследования используются описательный анализ и сравнительно-исторический метод. Применение исторического подхода позволяет выявить особенности возникновения, замещения и изменения древних и современных топонимов. Цель статьи — провести системное историко-лингвистическое исследование формирования, трансформации и функционирования топонимических названий в регионах сопредельных республик.

*Ключевые слова:* географическая терминология, топоним, топонимический ландшафт, историко-культурный контекст, топонимическая система, общетюркские наименования.

A.K. Karaman, S.K. Tashimbay

### **Common factors that cause changes in toponym names (in the material of Kazakh, Kyrgyz, Uzbek, Turkish languages)**

This article investigates the reasons behind the changes in toponyms in Kazakh, Uzbek, Kyrgyz, and Turkish languages. Comparative studies of Turkic onomastics based on materials from related languages are scarce. A focused examination of onomastic units—such as personal names, place names, ethnonyms, and tribal names—within the framework of Turkic languages is a pressing and relevant area of research. The paper explores the formation and development of toponyms in the territories inhabited by Turkic-speaking peoples, with particular attention to the factors that have influenced changes in place names in neighboring countries. Toponyms have historically emerged and evolved in close connection with the socio-economic history of a given region. Consequently, many names trace their origins back to ancient times. Over time, toponyms may be forgotten, altered, or replaced due to various historical, cultural, or political factors. This study highlights the relevance of examining the influence of Arabic-Persian, Iranian, Mongolic, and Russian elements on the toponymic systems of border regions. Understanding these processes is crucial, as any toponymic system with linguistic and cultural significance must be studied within its historical and cultural context of formation and evolution. The research possesses both theoretical and practical value. Identifying the factors that contributed to the modification of place names facilitates a deeper understanding of historical ethnic migrations and the interaction processes between different ethnic groups in border regions. The main methods employed in the study are descriptive analysis and comparative-historical analysis. The use of historical methodology allows for observing of the emergence of ancient toponyms, their transformation, and the incorporation of newly assigned names. The aim of the article is to conduct a systematic historical-linguistic analysis of the formation, transformation, renaming, usage, and development of toponyms in border regions.

*Keywords:* geographical terminology, toponym, toponymic landscape, historical and cultural context, toponymic system, common Turkic names.

## References

- 1 Superanskaia, A.V. (2011). *Chto takoe toponimika? Iz istorii geograficheskikh nazvanii* [What is toponymy? From the history of geographical names]. Moscow: Librokom [in Russian].
- 2 Zhanuzak, T. (2004). *Qazaq onomastikasy* [Kazakh onomastics]. Almaty: Aziia [in Kazakh].
- 3 Zhuchkevich, V.A. (1980). *Obshchaia toponimika* [General toponymy]. Minsk: Vysheishaia shkola [in Russian].
- 4 Kamoliddin, Sh.S. (2006). *Drevnetiurkskaia toponimiia Srednei Azii* [Ancient Turkic toponymy of Central Asia]. Tashkent: Shark [in Russian].
- 5 Karaev, S.K. (1991). *Toponimiia Uzbekistana (Sotsiolingvisticheski aspekt)* [Toponymy of Uzbekistan (Sociolinguistic aspect)]. Tashkent: Fan [in Russian].
- 6 Nafasov, T. (1988). *Uzbekistan toponimlarining izoqli lugati* [Explanatory dictionary of Uzbekistan toponyms]. Tashkent [in Uzbek].
- 7 Karataev, O. (2003). *Kyrgyz etnonimder sozdugu* [Dictionary of Kyrgyz ethnonyms]. Bishkek: Manas universiteti [in Kyrgyz].
- 8 Aiapbekova, A. E., & Abishov, N. U. (2021). *Toponimika: monografiia* [Toponymy: Monograph]. Ankara [in Kazakh].
- 9 Sattarov, G.F. (1998). *Tatarskaia toponimika* [Tatar toponymy]. Kazan: Izdatelstvo Kazanskogo universiteta [in Russian].
- 10 Murzaev, E.M. (1996). *Tiurkskie geograficheskie nazvaniia* [Turkic geographical names]. Moscow: Vostochnaia literatura [in Russian].
- 11 Mirakmalov, M.T., Abdullaeva, D.N., & Eshbaev, B.T. (2018). Otrazhenie fiziko-geograficheskikh uslovii territorii v toponimii Uzbekistana [Reflection of physical-geographical conditions in the toponymy of Uzbekistan]. *Nauki o Zemle: vchera, segodnia, zavtra: materialy IV Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii — Earth Sciences: Yesterday, Today, Tomorrow: Proceedings of the IV International Scientific Conference* (pp. 28–32). Kazan: Molodoi uchenyi [in Russian].
- 12 Mirzakhmedova, Kh. (2021). Ispolzovanie obshcheupotrebitelnykh arabskikh slov v persidskom i uzbekskom yazykakh [Use of common Arabic words in Persian and Uzbek]. *Vostokovedenie — Oriental Studies*, (2), 49–64. Retrieved from <https://inlibrary.uz/index.php/oriental-studies/article/view/15921> [in Russian].
- 13 Hasan, E. (2010). *Yer adlarımızın dili* [The language of our place names]. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları [in Turkish].
- 14 Gülensoy, T. (2007). *Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözcüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü* [Etymological dictionary of Turkish words in Turkey Turkish]. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları [in Turkish].
- 15 Musaeu, K.M. (1984). *Leksikologiya tiurkskikh yazykov* [Lexicology of Turkic languages]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 16 Abdrakhmanov, A. (1979). *Qazaqstan etnotoponimikasy* [Ethnotoponymy of Kazakhstan]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 17 Konkobaev, K.K. (1980). *Toponimiia Yuzhnoi Kirgizii* [Toponymy of Southern Kyrgyzstan]. Frunze: Ilim [in Russian].
- 18 Adilova, Zh., & Kasymova, A. (2022). Qazaq zhane kone turki toponimdik zhuiesinin ortaq belgileri [Common features of Kazakh and ancient Turkic toponymic systems]. *Qaragandy universitetinin xabarshy. Filologiya seriiasy — Bulletin of the Karaganda University. Philology series*, (1), 87–95 [in Kazakh].
- 19 Biirarov, B. N. (2002). *Or Altaidyn zher-su attary* [Place names of Upper Altai]. Almaty [in Kazakh].
- 20 Kendirbekuly, A., Abdirakhmanova, Zh., & Nusipbekova, R. (2005). *Zhanargan Zhetisu ataulary: toponimder anyqtamalygy* [Renewed names of Zhetysu: Toponymic directory]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 21 Myrzakhmetuly, M. (2002). Qazaq toponimderi men antroponimderi (otkeni, bugini zhane erteni) [Kazakh toponyms and anthroponyms (past, present and future)]. *Turkologiya — Turkology*, (1), 119–126 [in Kazakh].
- 22 Nazarova, A.Zh., Temenova, G.Q., & Begimova, G.Z. (2018). Turik tilindegi zher-su attarynyn zerttelui [Study of place names in Turkish]. *Qazaq universitetinin xabarshy. Shygystanu seriiasy — Bulletin Kazakh National University. Oriental Studies series*, (2), 228–234 [in Kazakh].
- 23 Koshimova, B. (2022). Mangystau toponimiiasynda geografiialyq terminderdin qoldanysy [Use of geographical terms in Mangystau toponymy]. *Onomastikalyyq xabarshy — Onomastic Bulletin*, (1), 15–24 [in Kazakh].
- 24 Imanberdieva, S.K. (2024). Zootoponimy kak sotsialno-psikhologicheskii kod [Zoo-toponyms as socio-psychological code]. *Tiltanym — Linguistic Cognition*, (2), 42–51. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-42-51> [in Russian].
- 25 Rysbergen, Q.Q. (2010). Qazaq toponimiiasynyn lingvokognitivtik zhane etnomadeni negizderi [Linguo-cognitive and ethnocultural foundations of Kazakh toponymy]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].

## Information about the authors

**Karaman Aruzhan Kayirzhankyzy** — 3<sup>rd</sup> year doctoral student in “Linguistics”, Faculty of Philology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: [karaman.aruzhan@mail.ru](mailto:karaman.aruzhan@mail.ru); ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7773-3793>

**Tashimbay Saltanat Kuatbekovna** — Associate Professor, International Educational Corporation (Kazakh Leading Academy of Architecture and Civil Engineering), Almaty, Kazakhstan; e-mail: [saltanat7575@mail.ru](mailto:saltanat7575@mail.ru); ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-8000-8330>